

КИІМ: ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ СӘН ДИСКУРСЫ

Даурен ҚАМЗАНОВ*
Алмагуль АДИЛОВА**

Түйіндеме: Мақалада сән дискурсының негізгі артефактілерінің бір киімнің ұлттық танымдағы ерекшеліктері қарастырылған. Антропоэлекттік ғылыми парадигмада заманауи лингвистика жетекші орында, себебі тілдің кумулятивтік қызметі нәтижесінде ұлттық таным мен қазіргі кездегі түсінікті ұштастырып, түрлі институционалды дискурсты сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жаһандану үдерістерінің бір көрінісі ретінде материалды мәдениеттің бір компоненті – түрлі киімдердің сән топтамалары екені көрсетілді. Олардағы киімдердің қолданылуы аумақтық тұрғыда әмбебаптық сипатта болғанымен, әр халық өзінің этникалық бірегейлігін сақтап қалу мақсатында ұлттық киім, әшекей бұйымдарын жандандыруды көздейтіні нақтыланып, қазақ және түрік халықтарының ұлттық танымдағы киімнің адам, қоғам өміріндегі орны, коммуникативтік, утилитарлық, эстетикалық, акпараттық, прагматикалық қызметі фольклор туындылары мен көркем мәтіндер үзінділері арқылы талданды.

Тірек Сөздер: *Сән Дискурсы, Материалдық Мәдениет, Киім, Ұлттық Таным, Этникалық Стиль*

Clothing: National Cognition and Modern Fashion Discourse

Abstract: The article discusses the features of one of the main artifacts of fashion discourse in the National cognition of clothing. In the anthropocentric scientific paradigm, modern linguistics is in the lead, because as a result of the cumulative activity of language, combining national cognition and modern understanding, it allows us to describe a variety of institutional discourse. In the course of the study, it was shown that one component of material culture as a manifestation of globalization processes is fashion collections of various clothes. Although the use of clothing in them is territorially universal, it is clarified that each nation intends to revive national clothing, jewelry in order to preserve its ethnic identity, the place of clothing in the life of a person, society, communicative, utilitarian, aesthetic, informational, pragmatic activity in the National knowledge of the Kazakh and Turkish peoples was analyzed through folklore works and fragments of literary texts.

Key Words: *Fashion Discourse, Material Culture, Clothing, National Cognition, Ethnic Style*

Кіріспе

Сән дискурсы – "бұл сән әлеміндегі адамдардың саналы шығармашылығының өнімі, ол киім элементтерін біріктірудің маңызды ережелерінің жиынтығын қамтиды" (Косицкая Ф.Л.2014:23). Сән арқылы адамдар өздерін белгілі бір мәдени топтың мүшесі ретінде көрсете алады. Ал сән деректі, нақты түрде, негізінен, киімнен көрінеді. Адам өз даралығын әр түрлі жолдарымен білдіре алады, ал сән – мұны көрсетудің ең басты және көрнекі тәсілдерінің бірі. Киім арқылы адам өзінің әлеуметтік мәртебесін, құндылығын, талғамын, тіпті көңіл күйін білдіре алады.

Басқа халықтар сияқты, қазақ және түрік халықтарында да киімнің алатын ерекше. Бұны фольклорлық туындылардан байқауға болады. «İyi kadının kocası sübbesinden belli olur» – Жаксы әйелдің жарын шапанына қарап тануға болады; «Жаман киім жасты кәрідей етеді, Кәріні перідей етеді» сияқты мақал-мәтелдерден адамның қоғамдағы беделі киген киіміне байланысты екенін көруге болады.

Лингвомәдениеттану аясындағы салыстырмалы тәсіл сөйлеу бірлігі саналатын мақал-мәтелдің семантикасында бекітілген мәдениет құндылықтарын, халық тәжірибесін, дүниетанымын анықтап, талдауға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде халықтың менталитетін танытады, демек, туыстас халықтардың киім туралы мақал-мәтелдері де – тілдік санада орныққан ұжымдық танымның көрінісі.

1. Негізгі Бөлім

Адам белгілі бір жағдайда, қоғамда өмір сүретіндіктен ол онда болып жатқан түрлі үдерістен тыс қала алмайды, оған әсер етеді, оның әсер-ықпалын сезінеді, түрлі рухани құбылыстарды бастан өткізіп, материалдық артефактілерді пайдаланады. Ал

* Филология мамандығының 2-курс докторанты, Е.А. Букетов атындағы ҚарУ, dauren.kr@inbox.ru

** Филология ғылымдарының докторы, профессор, Е.А. Букетов атындағы ҚарУ, adilova2010@mail.ru

қоғамдағы түрлі өзгерістер, жаңалықтар белгілі бір заңдылықтар негізінде жүзеге асатындықтан, қазіргі кезде ғылым саласының қай-қайсы да антропоэлектік бағытта дамып отырғаны белгілі.

Заманауи лингвистика үшін қоғам өмірінде болып жатқан барлық өзгерістер маңызды, себебі тіл өткен мен бүгінді, болашақты жалғастыратын, кумулятивтік қызмет атқаратын негізгі құрал. Халықтың рухани болмысы, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, қоршаған ортамен қарым-қатынасы тіл арқылы жүзеге асады, сондықтан техника, технология, ғылым, коммуникация дамыған заманда түрлі институционалды дискурстардың пайда болуы да заңды құбылыс. Трансұлттық құбылысқа айналып отырған сән дискурсы да осы қатарда.

Адамзат өркениетінің жан-жақты дамуының нәтижесінде мемлекеттер, халықтар арасындағы шекаралар тек шартты түрде ғана қалып отырған қазіргі заманда оларға ортақ көптеген оқиға, құбылыс, жағдайлар қатары күннен-күнге арта түсуде. Оларды экономика, саясат, технология, техника сияқты қоғамдық-әлеуметтік, рухани және материалды мәдениет компоненттерінің кірігіп отырғанынан анық байқауға болады. Әлемнің әр түкпірінде ұлты, жасы, жынысы, алған білімі, тәрбиесі, ұстанған өмірлік кредосы мен алдына қойған мақсаты әр алуан жандардың қиялы, еңбегі нәтижесінде қолмен ұстап, көзбен көрер, тұтынар киім-кешекке, затқа айналған сән топтамалары жаһандық материалдық мәдениеттің бір көрінісі екені көпке мәлім. Сән топтамалары, оларды жасаушылар, оларды көпшілік алдына шығарып, таныстырушылар, оларды түрлі БАҚ арқылы сипаттап, насихаттаушылар, өндіріске енгізіп, дүкен сөрелеріне ұсынушылар, ең соңында тұтынушылар – заманауи сән дискурсын құрауға ықпал ететін экстралингвистикалық факторлар ретінде қарастырыла алады. Сән топтамасының негізгі артефактісі – түрлі киімдер екені де белгілі.

Материалдық мәдениеттің елеулі бөлігі болып саналатын киім кез келген этникалық, көп ұлтты, түрлі мәдениет өкілдерінен тұратын қоғамда үлкен рөл атқаратыны белгілі. Соған байланысты қазіргі динамикалы сән дискурсында «этникалық стиль» ұғымы дүркін-дүркін белең алатыны да байқалады. Ал бұның өзі сән топтамасын жасап, ұсынатын дизайнер немесе оның дайын өнімдерін тұтынатын тұлғалар үшін ұлттық мәдениеттің де орны ерекше екенін байқатады.

Сән топтамаларындағы киімдерді дүние жүзінің барлық жерін қоныстанған адамдардың үстінен көргенімізбен, олардың әрқайсы өзінің ұлттық идентификациясын сақтап қалуды көздейді, сондықтан да жаһандық мәдениеттің бір тармағы ретінде әр халықтың ұлттық мәдениетінің материалдық артефактілері ғылымның бар саласындағы индивидуалды және универсалды заңдылықтарды сипаттау үшін де маңызды болмақ.

Адамның саналы өмірінің барлық қырын түрлі деңгей мен дәрежеде қамтитын мәдениет өте күрделі құбылыс, яғни оны адам тіршілігінің үнемі өзгеріп отыратынын көрсететін ерекше құрылым деп қарастыруға болады. Ал құрылым белгілі бір бөлік, элемент, сала, компоненттерден тұратыны да ақиқат.

Көрнекті орыс мәдениеттанушысы, филолог Зелинский (1995: 3): «мәдениет дегеніміз бізді қоршаған тұрмыстық жағдайлардың жиынтығы» дей келіп, оны құраушы компоненттер ретінде материалдық, рухани және қоғамдық-экономикалық бөліктерді атайды.

Материалдық мәдениетке үй-жай, киім, тамақ, тұрмыс жабдықтары, қару-жарақ жатса, рухани мәдениет дін, әдет-ғұрып, адамгершілік ұстанымдары, өнер, ғылымды қамтиды. Ал қоғамдық-экономикалық мәдениет отбасы, ру, тайпа, әлеуметтік топ, мемлекет, кәсіби ұжымдар сияқты бөліктермен байланысты. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, жеке-жеке қарастырыла алмайды, алайда адамның жеке тұлға және ұжым мүшесі болуына байланысты тікелей тіл арқылы көрінеді, яғни «кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ қағидаларға сай өмір

сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі» (Манкеева, 2014: 202).

Ғалым Ж. Манкееваның пікірінше: «материалдық мәдениет (тұрақ, киім, тамақ, тұрмыс бұйымдары, еңбек құралдары, т.б.) және ұлттық тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып, жеткізілетін рухани мәдениет (салт-дәстүр, дін, тәлім-тәрбие, көркем мәтін, т.б.) және ұлттық психология, таным тұрғысынан жасалатын рәміздік жүйе, сакрализация тәсілімен сақталған өнер, архитектура туындылары, т.б. атаулары» (Манкеева, 2014: 202) тілдің кумулятивті қызметі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне байланысты материалдық мәдениетке қатысты тілдік бірліктер қатарындағы киім атауларын дәстүрлі, ұлттық, тарихи және қазіргі күнделікті киім атаулары деп 2-ге бөлген ғалым оларды әр қилы белгілеріне қарай 14 түрлі лексика-семантикалық топқа жіктейді. Ол сәнді-салтанатты киімді «тойда, әртүрлі ұлттық мерекелерде киетін біркіер киімдер» (Манкеева, 2014: 316) деп атайды. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиындарға барғанда, жат елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған.

Кез келген қоғамда адамның киімі оның әлеуметтік мәртебесін, талғамын, айналаға көзқарасын, басқа адамдарды бағалауын көрсетеді, яғни киім коммуниканттар үшін қажетті ақпаратты бере алады. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы диалог – осының дәлелі:

«Ол әзілі кең шапан киіп, бұнда отырған жұрт үлгісінен басқаша көрініспен келген сахара қазағы Абайды қағытқан сөз еді.

- Бұл не ғажап? Гоголь кітапханасына қашаннан түйелер жіберілетін болған?

- Чиновник мырза, түйе кірсе несі бар, мұнда ол түгіл есек те отырыпты ғой, - деді» (Әуезов, 2009: 189).

Семей қаласындағы кітапхана оқырмандары диалогінің осылай антогонистік сипатта өрбуіне себеп болған киім екені байқалады.

Сондай-ақ халық ертегісіндегі Аяз бидің жоғары адамгершілік, әділдік ұстанымдарының өлшемі ретінде де киім алынады, яғни оған тура жолдан таймау керегін еске салып тұрады: «Баяғы өзінің жыртық тоны мен жамантымағын ордасының мандайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл!» - деп, көңілін басушы еді дейді» (Bilimdiler.kz, 2023).

Түркі халықтарына ортақ фольклорлық кейіпкер Қожанасырға қатысты мына аңыз да киімнің қоғамдағы орнын, әлеуметтік жікті көрсететінін байқатады: «Баяғыда біреу той жасапты, тойға көп кісі жиналыпты, Қожа да келіпті. Қожанасырдың үстіндегі киімі жаман екен. Қожанасырды ешкім елеменпті. «Төрге шық, тамақ іш», - демепті. Қожа үйден шығып кетеді де, үйіне барып, тәуір киімдерін киіп, қайта келеді. Бұл жолы үй иесі Қожанасырды құрметтейді, төрден орын береді, ет келгенде: – Қожеке, алыңыз, алыңыз! - деп, қошеметтейді. Қожа етті жемей, табаққашапанының жеңін малып: -Же, шапаным, же! - деп отыра береді. Үй иесі: -Сіздің бұ не қылғаныңыз? Шапан ет жейтін бе еді? - дейді. Сонда Қожа: –Сен кісіні сыйламайды екенсің, киімді сыйлайды екенсің. Сондықтан шапаныма жегізіп отырғаным! -деп, жауап береді» (Дана орталығы, 2013).

Байқалып отырғандай, ұлттық және түркілік танымда адамның киімі тек өзінің нақты қорғаныш, жамылғы қызметімен ғана шектелмейді, яғни коммуникативтік, ақпараттық, әлеуметтік-рөлдік, моральдік-этикалық қызметтер де атқарады.

Белгілі ғалым Ж. Манкеева қазақ киімдерінің мынадай түрлерін көрсетеді: «ер адамның және әйелдердің киімі, бойжеткен қыздың және күйеуге шыққан әйелдің

киімі, күнделікті тұрмыстық және салтанаттық-сәндік ия тойда киетін киім, т.б.». Әрине, мұндай киімдер әлем халықтарының бәрінде бар деуге болады, алайда ата-бабаларымыздың өздері өмір сүрген аймақтың географиялық, климаттық ерекшеліктеріне бейімделіп, өздері айналысқан шаруашылық өнімдерін өңдеп, тіршілікке қажетті бұйымдарға айналдыруы ұлттық киімдерден де, оларға тағылатын зергерлік әшекейлерден де көрініп тұрады.

Ұлттық дәстүрлі, мерекелік киімдер туралы ақпарат көбіне тарихи көркем шығармаларда кездесетіні байқалады, яғни белгілі бір мәтіннің вертикал контекстін беруде кейіпкерлер киімдері айрықша мәнге ие екені сөзсіз. Мысалы:

«Түгелдей қару-жарақсыз, көш ыңғайына, көктем күніне орай ықшам, бірақ жас мөлшеріне, қауымдағы орнына сай әртүрлі кейіпте: биік өкшелі сары саптама, шеті барқытпен әдіптелген жырым балақ, оқалы ергек шалбар, жиегі құндызбен жұрындалған, өңірі көк ала оюлы, қоңыр күлгін түсті күдері шапан, айыр көк қалпақ киген қартаң билер, көксауыр етік, қызыл әдіпті, жырымбалақ көк шалбар, түйе жүн шекпен, тиін, бұлғын, сусар сияқты қымбат аңдардың терісінен тігілген, төбесі биік, төрт қырлы, әртүрлі бәріктер киген жасамыс батырлар, я шешен тілімен, я ерлік ісімен қатарға ерте ілінген, немесе дәмелі жігіт танылып, игі-жақсылардың жөн-жоба, үлгі-өнегесіне қанығу үстінде жүрген, жеңіл, әрі сәнді: үкілі жекей тымақ, құндыз берік, мәриден, шидемнен тігілген, өңірі оқалы, шолақ жең қамзол, екі бойлығы көк ала өрнектен көрінбейтін қызыл ергек шалбар, биік екше, қайқы тұмсық қызыл етік киген жастар — ұзын саны қырыққа тарта адам — мың қаралы ертауыл аламанмен көштен үнемі күндік жер алда отыратын Манақ батырдан басқа, бір тайпы елдің қасқа-жайсаңы атаулы тегіс жиналыпты» (Мағауин, 1988: 45).

Автор жас мөлшерін білдіретін *қартаң, жасамыс* және *жастар* деген сөздермен, сондай-ақ түс атауларымен киім хан айналасындағы адамдардың жасын да, орнын да көрсеткен. Бұл үзіндідегі киім атауларының ақпараттылығы жоғары екенін байқауға болады. Ер адамдар түрлі салтанат-басқосуларда осылай киінсе, ауқатты әулеттен шыққан адамның күнделікті киім үлгісін Абайдың үстінен көруге болады: «Үстінде ұзын, ақ сарғыш қытайы жібек бешпеті бар. Күрең барқыт желетке мен ақ көйлек, кең бешпет өзіншебір келісті көрнек, жарастық бергендей».

М. Мағауин «Аласапыран» романында бас кейіпкерлерінің үстіндегі сәнді киімдерін, олармен қатар қолданылатын түрлі «құрамдас қосымша бөліктерін» нақты суреттеуі арқылы олардың шыққан тегін, әлеуметтік мәртебесін, ішкі психологиясын дәл көрсетеді:

«Ораз-Мұхамед сұлтан шақырылды. Бұл — екі иығына салбырай түскен қос өрім қара тұлымы бар, үлкен қоңыр көзді, қыр мұрынды, қызыл шырай аққұба өнді, одеі, орі биязы бозбала жігіт еді. Сусар бөрік, үшкіл тұмсық, қызыл жағал сақтиян етік, қызыл жібек шалбар; көк мауытымен тысталған тиін ішіктің белі асыл тас орнатқан кәмәр белбеуімен қынай буылған»; «Бұл кезде сұлтан шатыры да өзінің рәсімді кейпін тапқан. Төрт бүктелген бірнеше сырмақ теселіп биіктетілген, үстіне оқалы көпшік жайылған төрге алтынды айыр қалпақ, шолақ жең қызыл мақпал қамзол киіп, иығына екі өңірі, етегі мен жең ұшы шым жібектен кестеленген жарғағын желбегей жамылған Ораз-Мұхамедтің өзі отырды. Сол жағында — басына оқалы тақия, үстіне күдері бешпет киіп, қынай буған беліне сүйек қынапты шолақ қанжар таққан Қөшек, оң жағында — ақ түйенің түбітінен тоқылған қынама қамзол, шашақты, қос етек көк торғын көйлек, шошақ төбелі биік

құндыз бөрік киген, белін ақ күміс, көк березелі кәмәр белдікпен буынған Ай-Шешек-бегім» (Мағауин, 1988: 42).

Осы үзінділерде, негізінен, ер адамдардың киімдері аталған.

Ежелден бетін бүркемейтін қазақ қыздарының әдемілігін, сәнін көрсететін киімдердің қызметі «Абай жолы» роман-эпопеясында әдеміберілген: «Бешпетті тастап, қынай бел қамзол киіпті, сарғыш іренді жібекке аса үйлескен қоңырқай, қызғылт мақпал кемзал, оқалыжиегі менкөп бүрмелі ұзын көйлекке әдемі, құйыла қоныпты. ... Ол жанағы Әбіш айтқан, екеуі ең алған көріскенде киіп келген оқалы тақияны киіпті. Соның үстіне шілтерлі жұқа, сары алтындай ұзын орамал жамылған еді. Орамалдың шашақты бір ұшын кеуде тұсынан кең оралта келіп, оң иығына асырасалыпты. Әбіш көзіне қазір Мағыш ең алғаш көрген сәттегідей, уыз жастық шағымен қайта бір жарық беріп туа қалғандай». Қаламгер жас қыздың киімі, киімнің түсі, киім дайындалған матаны егжей-тегжейлі суреттеп, оның сүйген жарының психоэмоционалдық жай-күйіне әсерін көрсетеді (Өуезов, 1989: 325).

Бұл киімдердің, олардың атауларының біразы қазір архаикаға айналса, бірқатары қолданыста, тіпті, жаңғыруға түсіп отыр.

Қазақ қоғамының түрлі кезеңдеріне қатысты оқиғалар суреттелетін осы көркем мәтіндер мен фольклор туындылары киім өзінің утилитарлық қызметімен қатар, қашанда коммуникативтік, ақпараттық, прагматикалық қызмет атқаратынын көрсетеді және бұл дүние жүзіндегі барлық халықтарға тән құбылыс екені күмәнсіз.

Субъективті көзқарасты жалпы дүниетанымдық пайымдау – мақалдар, нақыл сөздер, афоризмдер арқылы беруге болатындықтан, әр халықтың өзі тұтынатын киімі, оның қызметі, орны туралы ұжымдық танымын мақал-мәтелдерден де байқауға болады.

Мақал-мәтел тілдік белгі (таңба) ретінде мағыналық тұрақтылығымен, сөйлеуде үнемі қайталанатындығымен, сондай-ақ контексте қолданылу ерекшеліктерін талдау кезінде айқындалатын номинативтілігімен сипатталады.

Қолданылу барысында мақал құндылықты тұжырымдау, іс-әрекетке жетелейтін практикалық пайымдау және жанама сөйлеу әрекеті қызметін атқарады. Мақал-мәтелдерде ашық түрдегі, көбінесе жанама түрдегі кеңестер, ұсыныстар, белгілі (типтік) жағдайларда өзін қалай ұстау керектігі туралы нұсқау қамтылады.

Мақал-мәтелдер өзінің көрнекілігімен адамның эмоцияларын ояту арқылы әр оқырманның өзіне тән дара мағына қалыптастырады, себебі әр оқырманның мақалға қатысты әр түрлі көзқарасы болады. Кейде адамдар өзіне керек ыңғайлы ойды қоршаған ортаға баршаға белгілі мақалдарды өзіне тән интонациясымен айту арқылы жеткізеді. Әр мақал-мәтелдің айтқан адамның айту мәнеріне, қалыптасқан жағдайына қарай мағынасы өзгеріп отырады.

Белгілі зерттеуші Тарланов (1999: 44) мақал-мәтелдің жалпыланған мағынасының екі негізгі белгісін анықтайды. Бұл, біріншіден, іс-әрекеттің өзі болған кезде іс-әрекетті жүзеге асыратын нақты адамның сөйлемде болмауы; екіншіден, мақал-мәтелде іс-әрекеттің нақты уақыты көрсетілмеуі.

Мақал белгілі бір синтаксистік модельдер бойынша уақыт пен тұлғаны нақтыламайтын лексиканы қолдана отырып құрылады, керісінше кез-келген уақытта кез-келген нәрсе туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді (Алефиренко, 2009: 267).

Жалпыланған, жаңартылған мақал коммуникативті жағдай мен сөйлеушінің ниеті аясында оның мағынасын жүзеге асырумен байланысты мағынаның қосымша реңктеріне ие болады, бұл оның прагматикалық мағынасы немесе мәтіндік мағынасы деп саналады.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері әр жылдары шыққан түрлі жинақтарда, «Бабалар сөзі» сериясының 65-томында жарық көрген. Олар тақырыптық-

семантикалық топтарға бөлінгенмен, нақты киімдерге қатыстылары материалдық мәдениет қатарында жинақталған және аса көп емес. Дегенмен, қолданыста жүрген мақалдарды бірнеше тақырыпқа бөлуге болады:

1. Адамның көркін арттыру, адамға көрік беруге қатысты мақалдар: Ағаш көркі жапырақ, Адам көркі шүберек; Бөрік – адамға көрік; Жаман киім жасты кәрідей етеді, Кәріні перідей етеді.

2. Киімнің утилитарлық қызметін көрсететін мақалдар: Жылы киім тәнді жылытар, Жылы сөз жанды жылытар; Ескі киімді баптағаның, Жаңа киімді сақтағаның; Ескі киімнің жылуы жоқ.

3. Киімнің әлеуметтік-рөлдік мәртебеден хабар беретінін білдіретін мақалдар: Жаңа киім жат жерде тамақ әпереді; Жақсы киім бойға жарасады, Жақсы жолдас ойға жарасады; Шалбары жоқтың ойынан алты кез бөз кетпес.

4. Адам психологиясынан хабардар ететін мақалдар: Ит те киімге қарап үреді; Киімі жаманды ит қабады, Ниеті жаманды Құдай табады; Киім жеңінен тозады, Арамза ішінен тынады; Киімнің жаңасы, достың ескісі жақсы; Жақсы білімге қарайды, жаман киімге қарайды; Ақылды жамау-жасқау іліп шығар, ақымақ әлем-жәлем киіп шығар; «Жарлы ат мінсе – қайдан міндің; Жарлы киім кесе – қайдан кидің?».

5. Салт-дәстүрді аңғартатын мақалдар: Ұзын киім ұлымдікі, Қысқа киім қызымдікі; Астарлы шапан тоңдырмас, Үш өрім жіп үзілмес. Алғашқы мәтел, бір қарағанда, ұлттық танымда қысқа киім әйел адамға жат болғандықтан, ерсі естілуі мүмкін. Халық аузындағы бір аңызда бұл мәтелдің астарлы мәні былайша интерпретацияланады: «Бөлтірік шешен қырғыздың бір манабымен әзілдесіп, сөз қағыстырады. Манап: - Бөлтірік, асығып киінгенсің бе, киімдеріңнің бірі ұзын, бірі қысқа ғой? - дейді. Сонда Бөлтірік: - Хан екем, ұл өскен соң ұл киінді, қыз өскен соң, қыз киінді. Енді олармен жарысайын ба? Ұзын болса ұлымдікі, қысқа болса қызымдікі. Ұл-қызым жоқ болса, бір басыма киім табылмас па еді? - деп, манаптың қу бас екенін аңғартыпты».

6. Шаруашылық, кәсіптен хабардар етуші мақалдар: Қысты күні киім ал, Жазды күні азық ал; Егінің мақта болса, киімнің бүтін болғаны. Киімнің бүтін болса, өз басың күтімі болғаны.

Келтірілген мақал-мәтелдер «...белгілі бір қоғамда өмір сүргендердің барлығынан бірдей бұлжытпай орындалуы қатаң талап етілетін заңдар кодексінің немесе дін қағидаларының жинағы емес. Бірақ, сандаған ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан осынау қарапайым қазына – сол халықтың бүкіл болмысын, өмір жолын паш ететін елдік ескерткіші» болғандықтан, оның «психоэмоционалдық қалпынан хабардар етеді» (Тілепов, 2010: 12-13).

Генеалогиялық тұрғыдан туыс тілдердің паремиологиялық қорында мағынасы ұқсас мақал-мәтелдердің болуы олардың танымына, мәдениет-дәстүріне, шаруашылық-кәсібінің ортақ болуына байланысты. Түрік халқының киімге қатысты бірнеше мақалының мағынасын ашып көрелік:

1. Güzellik ondur, dokuzu dondur – Сұлулық он, тоғызы тон. Адамның табиғи сұлулығын ашатын, оны одан сайын тартымды ететін киім екенін білдіреді. Ана тіліміздегі «Адам көркі – шүберек» дәл осы мәнде қолданылады.

2. Kaş ile göz, kalanı söz – Қаспен көз, қалғаны сөз. Бауырлас халықтың танымында сұлулық, ең алдымен, қас пен көз арқылы көрінеді, яғни адам денесінің басқа бөліктерінің әдемілігі маңызды еместігін айтады.

3. Kalıp kıyafetle adam adam olmaz – Үлгілі киіммен адам адам болмас. Сыртқы келбетіне көрік берер киім де, көркем дене де адамға адамдық құндылық қоспайтынын, яғни адам бойында тек моральдік-рухани қасиеттер ғана бағаланатынын байқатады.

4. Eşeğe altın semer vursalar yine eşektir – Есекке алтын тақа сокса да, бәрібір есек болып қалады. Бұл мақалдың семантикасы да жоғары да айтылғандармен ұқсас.

5. Çul içinde arslan yatar – Ескі жамылғының ішінде арыстан жатар. Бұл мақалда қайсар, батыл адам барынша қарапайым болатыны астарлап берілген.

6. Kürk ile börk ile adam olunmaz – Тон мен бөрікпен адам бола алмайсың. Адамның құндылығы оның киімімен емес, тұлғалық қасиетімен өлшенеді деген ойдың жинақталған, ықшам түрі.

7. Karga kekliği taklit edeyim derken kendi yürüyüşünü şaşırmış – Қарға кекілікке еліктеп жатқанда, ол өзінің жүрісіне таң қалды.

8. Karga şakırdamış bülbülüm sanmış – Қарға сақылдап өзін бұлбұл деп санапты. Соңғы екі мақалда антонимдік сипаттағы қарға – кекілік, қарға – бұлбұл бейнелері арқылы тәрбиелі, әдемі жан өнегелі адамның істегенін істеуге тырысқанмен, оның қолынан келмейді, табиғи мінез-құлқынан айырылып, күлкілі болады деген ой жатыр.

«Ойлау жүйесі адам баласына ортақ болғандықтан, мақал-мәтелдердің ұқсас болуы – заңды құбылыс» (Динаева, 2021: 12-13), алайда туыстас қазақ және түрік халықтары мақал-мәтелдерінің семантикасы сан алуан болғандықтан, олардың мағыналық толық сәйкестігі жиі кездеспейді.

Ғалым Ж.Манкеева көрсеткен қазақ киімдерінің қай-қайсы болса да, әдемі, түрлі әшекей бұйымдарымен әсемделген, сәнді болғанын ұлт мәдениетіне қатысты зерттеу еңбектері мен көркем әдебиет көрсетіп отыр.

Уақыт өтіп, заман өзгерген сайын ұлттық сәнді-салтанатты киімдер де, күнделікті киімдер де өзгеріп отыратыны белгілі және күнделікті киімдер трансұлттық материалдық мәдениетке айналып отыр. Алайда жаһандану дәуіріндегі үдерістер әр халықтың рухани және материалды мәдени кеңістігін сақтау үшін тұтас мемлекет, этнос, қоғам белгілі бір жұмыс жасауын талап етіп отыр, яғни ұлттық материалдық мәдениеттің сақталуы қазіргі таңда аса өзекті болып отыр.

Бұл орайда мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2023 жылғы ауызашарда сөйлеген сөзіндегі: "Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл – мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді Наурыз мейрамында я болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеде емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты" деген пікірінің орны ерекше болды. Сонымен қатар Наурыз мейрамына қатысты биыл қабылданған тұжырымдама бойынша ұлттық киім күнінің аталып өтетіні де халықтың материалдық мәдениетінің құндылығын көрсетіп, оның жаңғыруына себеп боп отырғаны сөзсіз.

Көбіне дәстүрлі өнерді насихаттайтын жеке тұлға, ұжым мүшелері тарапынан тек сахналық киім ретінде ғана қолданылған ұлттық киімдер қазір қала көшелеріндегі жастардың ықыласпен киетін бұйымдарына айналғаны байқалады. Әлемдік сән топтамаларында ұсынылған түрлі стильдегі сыртқы, күнделікті, кеңсе, спорт, жұмыс киімдеріне ұлттық ою-өрнекті орнымен, сәтті кіріктіріп, көшеге, түрлі іс-шараларға, сауық-кештерге киюін жастардың өзіндік идентификация тәсілі деп санау керек. Бұл үрдісті тек өз елімізде ғана емес, шалғай-таяу шетелдерде оқып, жұмыс істеп, тұрып жатқан отандастарымызда қолдап отырғаны қуантады. Тек киім ғана емес, этникалық нақыштағы сақина, білезік, сырғалармен қатар, біраз уақыт қолданыстан шығып қалған шекелік, шолпы, шашпау сияқты әшекей бұйымдары да қазір сәнге кіріп, сән топтамаларының ажырамас бір компоненті болып үлгерді.

Қазір түрлі әлеуметтік желілерде қазақтың ұлттық киімдеріне шетелдіктердің реакциясын көрсететін видеобейнелер (Tengri life, 2023) көп қаралым жинайтыны

байқалады. Әлемдік сән орталығы саналатын Парижде қазақстандық дизайнерлердің ұлттық киімдер сән топтамасы (Tengri life, 2023) ұсынылып, қалың көпшіліктің көңілінен шыққаны туралы хабарлар жариялануда.

Қорытынды

Қазіргі жаһандану кезеңінде әр халық өзінің рухани және материалдық, қоғамдық-әлеуметтік мәдениетін насихаттау, жаңғырту арқылы өз бірегейлігін сақтап қалуды көздейді. Материалдық мәдениеттің бір көрінісі киімнің коммуникативтік, ақпараттық, прагматикалық қызметі адамзат дамуының бар кезеңіне тән екенін әр ұлттың ықылым замандарда пайда болған мақал-мәтелдері, аңыз-әңгімелері, кейінгі тарихи-көркемметіндері, қазіргі сән дискурсы көрсетеді. Заманауи сән дискурсында этникалық стильдегі киімдер, әшекей бұйымдары, түрлі элементтер қолданылып жүргені белгілі және бұл үдеріске қоғам, мемлекет атсалысып, одан әрі дамыту, жандандыру қажет. Бұл жұмысқа жаңа технологиялар мен әлеуметтік желілердің мүмкіндігі барынша ықпал етуде, етеді деген пікірдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Bilimdiler.kz (2023). “Аязби ертегісі”, сілтеме: <https://bilimdiler.kz/okushi/27654-ayaz-bi-ertegisi.html>
- Danaорталығы (2013) “Же, шапаным же”, сілтеме: <https://danaqaz.kz/barlyk-nomirler/2013/5-6/item/205-zhe-shapanym-zhe>
- Tengrilife (2023). “Казахские чапаны покорили подиум в Париже”, сілтеме: <https://tengrinews.kz/handsomely/kazahskie-chapanyi-pokorili-podium-v-parije-518834/>
- Tengrilife (2023). “Реакцию иностранцев на казахские костюмы показали в TikTok”. сілтеме: <https://tengrinews.kz/handsomely/reaktsiyu-inostrantsev-kazahskie-kostyumi-pokazali-tiktok-514740/>
- Алефиренко, Н.Ф., Семенов, Н.Н. (2009). Фразеология и паремология. – М.: Флинта: Наука.
- Әуезов, М. (1989). Абай жолы, 2-кітап, Алматы, «Жазушы».
- Әуезов, М. (2009). Абай жолы, 2 том. – Алматы, «Жазушы».
- Динаева Б. (2021). Түркі халықтарының мақал-мәтелдеріндегі ортақ ойлау жүйесі. - VIII Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Sempozyumu, Bildiriler Kitabı. Niğde, б. 365-378.
- Зелинский, Ф.Ф. (1995). История античной культуры. – СПб.: Марс.
- Косицкая, Ф.Л. (2014). Дискурс моды и его жанровая дифференциация / Ф.Л Косицкая // Вестник ТГПУ, Вып. 4. С. 22–26.
- Мағауин, М. (1988). Аласапыран, Алматы, Жазушы.
- Манкеева, Ж. (2014). Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері / Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: “Абзал-Ай” баспасы.
- Тарланов, З. К. (1999). Русские пословицы: синтаксис и поэтика. – Петрозаводск: Изд-во Петрозавод. ун-та.
- Тілепов, Ж. (2010). Халықпен ғұмырлас рухани мұра. / Бабалар сөзі. 65-том. Қазақ мақал-мәтелдері.